| | **1. Дене шынықтыру**<br>**«Кім қалай жүреді?»**<br>Міндеті: Өз денсаулығын сақтау құндылығын арттыру мен спортпен шұғылдануға қызығушылықты қалыптастыру.<br>Б.қ: аяқты иықтың деңгейінде қою, қолды белге қою;<br>1- қолды екі жаққа созу;<br>2-алға иілу, оң аяқтың тізесінің астында қол шапалақтау;<br>3- түзу тұрып, қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: негізгі тұрыс, қолды белге қою.<br>1-отыру, қол шапалақтау;<br>2- тұру , бастапқы қалыпқа оралу..<br>**2.** Қыста далада тыныс алу жаттығулары.<br>Ойын шарты:<br>1 - допты секіртіп апарып, тапсырма орындау, жүгіріп келу;<br>2 - аяқ арасына допты қыстырып, секіріп барып, тапсырма | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>**«Маңдай тер» әңгіме»**<br>Міндеті: Қ-Ғ дыбыстарын таныстыру.Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету.<br>**Ойын: «Зымыранды құрастыр»**<br>Мына жерде бөліктер бар оны құрастырып шығару үшін бірнеше сұрақтарға жауап беруіміз керек, әр бөліктің артында сұрақтар берілген.<br>1. Ғарышкер сөзіне сөйлем құрастыр.<br>2. Зымыран сөзін буынға бөл<br>3. Апта күндерін ата.<br>4. Бір жылда неше ай бар?<br>Мінекей зымыран құрастырдық, зымыран дайын, денеміз шынықты, білімімізді тексердік, ал енді ғарышқа ұшамыз, дайынбыз ба?<br>Ендеше скафандрды үстімізге киейік, зымыранға отырайық (қолмен қозғалыс | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**[ч] дыбысын қайталау, Чч әріп таңбасын жазу**<br>Міндеті: | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>**«Мәңгілік алау»**<br>**Тынышбай Рахимовтың өлеңін жаттау**<br>Міндеті:Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету.<br>Мына жерде бөліктер бар оны құрастырып шығару үшін бірнеше сұрақтарға жауап беруіміз керек, әр бөліктің артында сұрақтар берілген.<br>Мінекей зымыран құрастырдық, зымыран дайын, денеміз шынықты, білімімізді тексердік, ал енді ғарышқа ұшамыз, дайынбыз ба? | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**ь, ъ таңбаларымен таныстыру**<br>Міндеті: Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру,өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>Кім көп біледі» ойыны.<br>Буын ұйқас: Әр топтан 5 баладан шығып буын ұйқас айтады.<br>І топ.<br>Ақ - ақ - ақ<br>Сарғайды күзгі жапырақ.<br>Са - са - са<br>Ызыңдайды маса.<br>Із - із - із<br>Бақшадағы сәбіз.<br>Ет - ет - ет<br>Алма, алмұрт салынатын себет.<br>Ой - ой - ой<br>Қорада тұр қой.<br>Ай - ай - ай<br>Ұшып кетті торғай.<br>ІІ топ.<br>Ай - ай – ай<br>Жайылып жүр тай.<br>Ға - ға - ға<br>Ұшып кетті қарға.<br>Кер - кер - кер<br>Тоқтар аға ғарышкер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындау, жүгіріп келу;<br>3 - допты аяқпен итеріп барып, тапсырма орындау және жүгіріп келу;<br>4 - допты қолмен демеп жермен апару, тапсырма орындау, жүгіріп келу;<br>5 - скакалкамен секіру, тапсырма орындау, жүгіріп келу;<br>6 - қос аяқпен секіріп, тапсырма орындау, жүгіріп келу.<br>6. «Кім шапшаң?» Ойын шарты: шведтік қабырғаға өрмелеп шығу және түсу.<br>7. «Паровоз» ойыны. Ойын шарты: команда ойыншылары ретсіз орналасып, қолтықтасып тұрады, осы тізбекпен кедергілер арқылы өту. | көрсетеді), балалар жоғарыға ұшу үшін сиқырлы сөз айту керек көзді жұмып.<br>Бір, екі, үш<br>Ғарышқа тез ұш. | | | Ыз - ыз - ыз<br>Айгүл жақсы қыз.<br>Ме - ме - ме<br>Келе жатыр кеме. |
| | **2. Сауат ашу негіздері**<br>**Біз не үйрендік?**<br>**[ч] дыбысымен танысу**<br>Міндеті: Сөздерге дыбыстық талдау жасау суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру,сөзге буын жалғап,сөз құрауды жалғастыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Сөз ойла,тез ойла»<br>**Ойын шарты:** Кез-келген әріп таңбасын көрсетіп, сол әріптен басталатын сөз айтады. **1-қатар**: Көрсетілген дыбысқа сөз айтады. **2-** | **2. ҚОТ**<br>**«Менің қаламдағы жаз»**<br>Міндеті: Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру;гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап,тану қабілетін дамыту<br>**Тақырыбы:** Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті Бар? | **2. Математика**<br><br>Міндеті: | **2. ҚОТ**<br>**«Қош келдің, жаз!»**<br>Міндеті: Балалардың қоректік тәуелділік туралы түсінігін жетілдіру;қоректік тізбек жасау қабілетін дамыту Көктемгі табиғаттың өзгеруі.<br>**Жануарларды қалай күту қажет?»**<br>Дидактикалық ойын<br>**Мақсаты:** Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Балалардың үй жануарлары | **2. Музыка**<br>**«Жеңіс күні»**<br>Міндеті: Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Менің балаларым қайда?**<br>**Ойын шарты:** Музыка жетекшісі балаларға карточкада тауық, үйрек, күрке тауық, ит, мысық аналарын т.б көрсетеді, ал балалардың қолдарында кіші карточка (балалары) музыка жетекшісі әндетіп балалардан сұрайды, балалар әуенді танып не туралы айтылғанын ұғып керек карточканы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **қатар:** Сол сөзге дыбыстық талдау жасайды **3-қатар:** Сол сөзге сөйлем құрау | *Тәрбиеші слайд арқылы емдік шөптермен таныстырады.* ***Түймедақ -*** *1 жылдық шөптесі өсімдік. Жапырағы кезектесіп орналасқан және жіңішке. Күлтелері ақ сопақша. Отасында сары түтікшелері бар. Суық тигенге тұмауғ пайдалы.* ***Бақ- бақ -*** *көп жылды көктем гүлі. Сабағын сындырсан сүт тамшылары шығады. Жапырақтары тү жағына орналасқан. Асқазан, ішек жұмыстарына көмектеседі.* ***Жолжелкен -*** *Шөптесін өсімдік. Таулы аймақтарда өседі. Жапырағы тамыр түбінен шығады. Қанат тәрізді тілімделген. Жүйке және бүйрек ауруларына, ішек жолдарына пайдалы.* ***Жалбыз -*** *бұта тәріздес сұрғұлт жасыл өсімдік. Сабағы 4 қырлы, жапырағы мен бұтақтары көп. Гүлдері көк, күлгін түсті. Жемісі шар тәрізді 4 жаңғақ. Өт жолдарына, қабынуға* | | туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту. **Ойын шарты:** Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын білдіреді.<br>- Жануарларға қалай қарау керек, қандай қарым-қатынаста болу ережесін құрайық:<br>1.Жануарларды жақсы көру керек.<br>2.Жануарларды күту керек.<br>3.Уақытында тамақтандырып, серуенге шығарып отыру керек. Олармен ойнау керек. Оларды ызаландыруға, аяқпен тебуге, ауыртуға болмайды | көрсетеді.<br>**Аю мен құс**<br>**Ойын шарты:** Музыкалық баспалдақ, ән күй жетекшісі күйсандықта балапанның, аюдың әндерін ойнайды, ал балалар музыканы тындап, ойлап тауып музыкалық баспалдаққа, жоғары баспалдаққа- балапан, ал төменгі-аю дұрыс қоюлары керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *пайдалы.*<br>***Алоэ -*** *ол бөлме өсімдігі. Оның жапырағы жіңішке қырлы болады. Жапырағында кішкене тікенектері бар. Оны күйік шалғанда, ірінді жараға, суыққа пайдасы мол.*<br>*Тәр:* **Балалар онда қоянмен бірге «Өсімдіктерді боя» деген дидактикалық ойын ойнайық**<br>ҚОян: Ойын өте қызық болды. Сендер жана Түймедақ пен Бақ-Бақ деген шөпті пайдаландындар. Мен ол шөптін қандай екенін білмеймін. Маған көрсетіндерші. Ол қандай шөп?<br>Тәр: Балалар онда шығармашылық ортаға барып сол шөптерді салып көрсетейік. Балалар шығармашылық ортаға бармас бұрын мына Ай мен Күн арқылыекі топқа бөлінейік. | | | |
| | **3. Математика**<br>**«Данаға бөкебайды таңдап берейік»**<br>Міндеті: Ұлттық валютамен таныстыру<br>«Біреу және көп» дидактикалық ойыны № 1<br>Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата | **3. Математика**<br>**«Әженің көмекшілері. Таразы»**<br>Міндеті: Реттілік суреттері түріндегі есептік жағдаят негізіндегі қарапайым есептердің үлгісін жасау іскерлігін | **3. Көркем әдебиет**<br><br>Міндеті: | **3. Музыка**<br>**«Көктем әні керемет»**<br>Міндеті: Қазақтың ұлттық ойындарының бірі көкпарды би арқылы сипаттап жеткізе білуге<br>Өткен әнді естеріне түсіреді. Әннің атын, сазгерін атауды сұрайды. Әнді хор мінбесіне барып | **3. Сурет /Құрастыру/ Мүсіндеу/Жапсыру**<br>Міндеті: Қағазды екіге бүктеп қиып жапсыру,құрастыру, суретін салу, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Педагог ең алдымен Қобыз туралы мағлұмат** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алуға үйрету.<br>Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді.<br>Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл.<br>Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады. Үшбұрыш: «Бұл кім?» деп сұрайды. Шаршы көрінеді. Балалар оны атайды, егер балалар атын атауға қиналса, тәрбиеші өзі атайды. Бәрі бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларының бірдей екендігін атап өтеді | анықтап білу.<br>**Айырмашылығын тап»** дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.<br>Мазмұны.<br>Бұл ойында тәрбиеші сенсориканы, көлемді, кеңістік қатынасын, санын салыстыру үшін белгілі бір мақсатты көздейді. Ары қарай салыстыратын заттардың санын арттыра отырып, бірнеше нұсқаларын қатарынан істеуге болады. Ойын өткен материалды бекітуге арналған. Тәрбиеші балалардың сөйлемді дұрыс байланыстырып сөйлеуін қадағалайды. Балалар екі сайқымазақты салыстырады. Салыстыруда мына сөздер пайдаланылады: кең – тар, қалың – жұқа, ұзын – қысқа. | | үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.<br>2. «Әніміз бар тамаша!» Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.<br>Тамаша әнімізге қосылуға «әнші төлдер» келгендігін айтады.<br>Балаларға төлдермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.<br>Ойын ойнау<br>«Ән салған кім?» муз. дид. ойын.<br>Ойын алаңына «көңілді шарларды» алып баруларын сұрайды.<br>Ойын шартын түсіндіреді. Санамақ арқылы ойын бастаушысын сайлайды. | **береді.**<br>Қобыз – Ысқыспен ойналатын, қос ішекті ескі музыкалық аспап. Халық арасындағы аңыздарға қарағанда, бұл қобыздың пайда болуы сегізінші ғасырда өмір сүрген, күй атасы Қорқыттың есімімен тығыз байланысты.<br>Аспапты тану»<br>Ойын ережесі: Үнтаспа арқылы аспаптар үні беріледі (балалар қимылмен көрсетеді)<br>Домбыра – Домбыра аспабында қалай ойнайды? (Шертіп) Ендеше шертпелі аспап<br>Қобыз – Қобызды қалай ойнайды? (Ысып) Ендеше ыспалы аспап<br>Жетіген – Жетіген аспабында қалай ойнайды? (Шертіп) Жетіген шертпелі аспап<br>Сыбызғы – Сыбызғы аспабында қалай ойнайды? (Үрлеп) Үрмелі аспап.<br>Педагог балаларға қобыздың суретіне қарап суретін салуды ұсынады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Көркем әдебиет** **«Жабайы аңдар, түлкі туралы ертегілер әлеміне саяхат»** Міндеті:Әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын айта білуге баулу. ***Күндер өтіп, Ақ көжек бой жетіпті.*** Көңілінде махаббатқа деген талпынысы күн сайын артып, шырын қиялға шоматын болыпты. Ақыры ол өз бақытын табу үшін орманға кірмек болыпты. Мұны естіген Сұр көжек оны іздеп келіпті: Ақ көжек, орман іші тым қатерлі. Онда көптеген жыртқыш аңдар өмір сүреді. Оның үстіне сен онда өзің ұнатып жейтін сәбіз де өнбейді. Қиналасың ғой?.. - Алаңсыз бол. Мен жетерлік азық-түлік алдым. Ашықпаймын, - депті де, тәкәппар Ақ көжек еш елеместен сөмкесін асынып, өз жолына түсіпті. Сұр көжек амалсыздан, қимастықпен ол кеткен жолға қарап үнсіз қалыпты. Ол орман ішінде ұзақ | **4. Қазақ тілі** **«Э дыбысы мен әрпі»** Міндеті: Жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету.Қимылын білдіертін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Көктемде құстар келеді. – Көктемде не келеді? – Көктемде құстар келеді. – Мынау – қараторғай. Мынау не? – Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады). – Көктемде қараторғай келеді. – Көктемде қандай құс келеді? – Көктемде қараторғай келеді. – Мынау – қарлығаш. – Мынау не? – Мынау – … (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды. – Көктемде қарлығаш ұшып келеді. – Көктемде … (қарлығаш) ұшып келеді. – Көктемде келетін құстарды жыл құстары | **4. Дене шынықтыру** **«Сені көргеніме қуаныштымын»** Міндеті: | **4. Қазақ тілі** **Б.Соқпақпаев «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімесі** Міндеті: Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Тақырыбы:** Армысың,әз Наурыз! Ұлыстың ұлы күні ағайын - туған адамдар бір - бірімен кездесіп, құшақ жайысып, көрісетін болған. Бір - біріне бақытты өмір тілескен: Амансыз ба, Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Қайда барса, жол болсын! Ұлыс бақытты болсын! Төрт түлік ақты болсын! Ұлы береке берсін, Бәле, жала жерге енсін!- деп өздерінің шын жүректен тілектерін айтысқан. Балалар - «Соқыр теке»ойынын ойнайды. Қатысушылар саны 5 - тен аспау керек. Ойын ережесі: Балалар дөңгелене тұра қалып, орталарына көзін байлап, «соқыр текені» шығарады. Шеңбер бойында тұрған оқушылар білдірмей соқыр текені түрткілей бастайды. Ол өзін түрткен оқушыны ұстап, атын атау керек. «Соқыр теке» | **4. Дене шынықтыру** **«Қайырлы таң, Алтын күз!»** Міндеті: Қозғалыс ортасын байыту арқылы балалардың даму,сауығуына жағдай жасау,жұмыс тәртібін ұстану мен қарым-қатынасқа түсе білу. 2. Повар ойыны (шарикті екі қасықпен қазанға тасу) Музыкалық сәлем. 3. Баскетбол торына доп лақтыру (баскетбол добын кедергілер арасынан бір қолмен алып жүріп, себетке салу) 4. Калькулятор ойыны (эстафета берілген есепті шығару Музыкалық сәлем. 5. Кенгуру (секіртпе доппен кедергілер арасынан секіріп келу) 6. Капитандар сайысы белдегі шығыршық (әр топтың капитандары шығып жарысқа түседі) Музыкалық сәлем. 7. Кім шапшаң картоп отырғызу (кішкентай күрек, тырманы белгілі жерден алып, біржерден екінші жерге картоп отырғызу) 8. Арқанға өрмелеу, биік шыңға шыққан ең мықты топ (әр топ арқанға өрмелеп, биік шыңға шығу) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жол жүріпті. Қарыны ашса, арқасындағы сөмкесінен сәбіз алып жеп отырыпты. Сонда да оның алған азығы еш таусылмапты. Күндердің бірінде, ол бір Бөріге кездесіпті. ***Бір көріп, оның келіскен келбетіне, қауқарлы тұлғасына қарап ғашық болған Ақ көжек оған көңілін білдіріпті.*** <br>- Болмайды, - депті Бөрі, - менімен бірге болу сен үшін қатерлі. <br>- Қорықпаймын. Жанымда тек сен болсаң болғаны, мен ештеңеден де қорықпаймын. <br>Бөрі сүйіп тұрмаса да, мына сүйкімді көжектен айрылып қалғысы келмей мақұл болыпты. Ол Ақ көжекті басқа бөрілерден қорғап жүретін болыпты. Ақ көжек те өзін тым бақытты сезініпті. Оның сөмкесіндегі сәбіз де таусылмапты. Бірақ күндер өте келе басқа бөрілер «Біз қасқыр текті жыртқыш халықпыз. Біздің ортамызда бір әлжуаз қоянның болғаны жараспайды» деп ақыл салыпты. Сонымен өз ортасының салт-дәстүрін ұстанған бөрі | дейді. – Көктемде келетін құстарды қалай атайды? <br>– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. <br>Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек. <br>Балалар қайталайды. <br>**Дидактикалық ойын: «Жыл құстарын ата, көрсет»** (сиқырлы қаламмен тексереді). <br>Ойын «Құстар не істейді» – Құстар ұшады. <br>– Құстар не істейді? <br>– Құстар ұшады. <br>– Құстар ұя жасайды. – Құстар не істейді? <br>– Құстар ұя жасайды. <br>– «Ұя» сөзінде бірінші дыбыс – Ұ. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). <br>Ұ-ұ-ұ-ұя – ұя — ұя | | көзі байлаулы болғандықтан өзін түртпеген, орында тұрған ойыншыны ұстап алып, атын айтуы мүмкін. Онда ұсталған оқушы «соқыр теке» болады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақ көжектен айрылысыпты. Қайырымсыз махаббаттан жүрегі жаралы болған көжек көз жасын көлдете отырып тағы да сапарға шығыпты. Махаббаты баянсыз болғанымен, ол азықтан еш қиналмапты. Өйткені, оның сөмкесіндегі сәбіз қашан да таусылмайды екен. Ол жолда тағы бір алып Аюға кездесіпті. Ақ көжекті бір көріп, ғашық болған Аю оған сезімін білдіріпті.<br>- Қандай сүйкімді едің?! Саған ғашықпын. Менің етегімнен ұста. Сенен айрылмауға ант етейін. Сені бақытты етемін, - депті.<br>***Біраз күннен соң әрі үміт, әрі қорқыныш ішінде Ақ көжек ақыры оған мақұлдығын білдіріпті.*** Сонымен олар бірге орман ішінде үй салыпты.<br>Жүрегіндегі Бөріге деген махаббат та ұмытыла бастап, ғашықтық дерті жазылыпты. Ет коректі аюмен бірге тамақтана алмаса да, ол азықтан еш тарықпапты. Әйтеуір, белгісіз себеппен оның арқасына асқан сөмкесіндегі сәбіз таусылмайды екен... | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күндер өте келе Аю үнемі үйге қайтпайтынды шығарыпты. Бір күні Ақ көжек аюдың мойнынан әлдебір аңның әдемі түгін тауып алыпты да, күмәндана бастапты.<br>- Не деген күмәншіл, қызғаншақ едің! Мүмкін қатты соққан желдің әсерінен ұшып келген түк шығар, - деп зекіп тастапты Аю.<br>Үнемі ұрыс-керіспен өткен күндердің бірінде Ақ көжек сырттан әдемі гүлдерді теріп әкеліпті. Ол Түлкі бикештің үйінің маңынан өтіп бара жатып, терезеден Аюдың онымен бірге құшақтасып тұрғанын көріп қалыпты. Ақ көжек қатты қайғырыпты. Дереу үйге келіпті де, шарбағын асынып, мәңгі қайтып келместей болып шыға жөнеліпті. Жылай-жылай әлі құрыған Ақ көжек кеш бата бір ағаш саясында қалғып кетіпті. Әлде түсі, әлде өңі екені белгісіз, ол баяғы Сұр көжекті көріпті. Ұйқылы-ояу қалғып кеткен Ақ көжектің қасына келіп, сөмкесіне көптеген сәбіз салыпты да, кері бұрылып жүре бергенде, Аққөжек көзін ашып: | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Сұр көжек, бұл сен бе?! Не істеп жүрсің? – депті әлсіз үнмен.<br>- Мен... Мен, - депті, - өзін кінәлі сезінген Сұр көжек, - Сені ашығып қалмасын деп, үнемі соңыңнан қалмай жүрдім...<br>***Мұны естіген Ақ көжектің көз жасы көл болыпты...***<br>Міне, ертегі аяқталды. Не түсіндің? Не ойладыңдар? Біз қашан да қасымызда жүрген, шексіз махаббатын арнаған адамдарды тым кеш байқаймыз. | | | | |
| Серуен | **Серуен 1**<br>Балаларға мектеп ауласымен таныстыру. | **Серуен 2**<br>Күнді бақылау<br>Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. | | **Серуен 4**<br>**Жәндіктерді бақылау**<br>Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;<br>Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. | **Серуен 5**<br>**Ауа-райын бақылау**<br>Мақсаты: Күз мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. |
| Балаларды үйге шығарып салу<br>Ата-аналарға кеңес | Балалардың күні бойындағы жетістіктері мен үлгерімі жайында айту.<br>Сау болыңдар балалар! | Ата -аналармен тығыз байланыста болу.<br>Сау болыңдар балалар! | | Үйге: «Жеңіс» әнін жаттау<br>Сау болыңдар балалар! | Ата- аналармен тығыз байланыста болу.<br>Сау болыңдар балалар! |

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Бектау ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
**Мектепалды даярлық:** О сыныбы
**Жоспардың құрылу кезеңі II-апта** 06.05-10.05 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 06.05. | Сейсенбі 07.05. | Сәрсенбі 08.05. | Бейсенбі 09.05. | Жұма 10.05. |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.Балаларды қабылдау. | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу. Кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу. Балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу. Балалардың тазалығы туралы, көңіл күйлері туралы әңгімелесу. Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу. Балалардың денсаулығы, көңіл күйлері туралы әңгімелесу. | | | | |
| Баланың дербес әрекеті. Үстел- үсті ойыны. Баяу қимылды ойындар. Бейнетаспа, кітап тар көру | **Қимылды ойын.** **« Сипаттамасы бойынша тап»** **Мақсаты:** ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту. **Ойын барысы**: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. | | **Үстел үсті ойыны.** **«Үйдің есігін жабайық»** **Мақсаты:** заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. **Ойын барысы**: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну. | | **Үстел- үсті ойын:«Пазлдарды құрастырамыз»** **Мақсаты:**конструктормен ,есептеу таяқшаларымен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу. |
| Таңертеңгі жаттығу | Түрлі жаттығулар кешені | | | | |
| **Мектепалды даярлық сынып кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекет.** | Дене шынықтыру<br>Сауат ашу<br>Математика<br>Көркем әдебиет | | Сауат ашу<br>Математика<br>Көркем әдебиет<br>Дене шынықтыру | | Сауат ашу<br>Музыка<br>Шығармашылық<br>Дене шынықтыру |
| | Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын күн келді.<br>Күліп шықты күн бүгін | | **«Күнге сәлем»**<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді. | | **«Мен шыншыл баламын»**<br>Арым таза, ақ көңіл, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн! | | Қайырлы таң! Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін! | | Адалдыққа сенемін.<br>Абыройлы ақ ниет,<br>Адамдыққа<br>сенемін! |
| | **1. Дене шынықтыру «Қолды жан-жаққа соз»**<br>Міндеті: Түрлі жағдайларда баланың жинаған білім-біліктерін саналы,өз бетімен қолдана білуіне жәрдемдесу.Қане балалар енді жаттығуымызды бастаймыз. Жалпы дамыту жаттығуларын орындайды (құралсыз)<br>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:<br>*Қарсы қабырғаға дейін допты оң қолмен апару. Бұрылу , қайтадан допты сол қолмен кері алып қайту. Жаттығуды 8 баладан кезекпен орындау.<br>(3 рет)<br>*залдың өн бойымен сапқа тұру. Екі аяқпен бірдей секіріп, қарсы қабырғаға дейін жылжу. Бұрылу , қайтадан кері қарай секіру. (2 рет)<br>Қимыл қозғалыс ойын: «Аңшылар мен аңдар»<br>шарты: Балалардың арасынан 3 аңшы болады ал,қалған балалар аңдар болады.<br>*Жүру ,жүгіру жаттығуы.<br>Дем алу жаттығулары | | | | **1. Сауат ашу негіздері Дыбыстар мен олардың әріп таңбасын қайталату**<br>Міндеті: Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру,өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>Кім көп біледі» ойыны.<br>Буын ұйқас: Әр топтан 5 баладан шығып буын ұйқас айтады.<br>І топ.<br>Ақ - ақ - ақ<br>Сарғайды күзгі жапырақ.<br>Са - са - са<br>Ызыңдайды маса.<br>Із - із - із<br>Бақшадағы сәбіз.<br>Ет - ет - ет<br>Алма, алмұрт салынатын себет.<br>Ой - ой - ой<br>Қорада тұр қой.<br>Ай - ай - ай<br>Ұшып кетті торғай.<br>ІІ топ.<br>Ай - ай – ай<br>Жайылып жүр тай.<br>Ға - ға - ға<br>Ұшып кетті қарға.<br>Кер - кер - кер<br>Тоқтар аға ғарышкер.<br>Ыз - ыз - ыз<br>Айгүл жақсы қыз.<br>Ме - ме - ме<br>Келе жатыр кеме. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | **2. Сауат ашу негіздері Өткен дыбыстар мен олардың әріп таңбасын қайталату**<br>Міндеті: Суреттен әс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап,айта білуге,сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру.<br>**Дидактикалық ойын**<br>«Сөз ойла көп, ойла» ойыны.<br>а) Әріптерден, буындардан сөз құрату. Сол сөздерге дыбыстық талдау жасату.<br>Мысалы: а – дауысты, л – дауыссыз, а – дауысты<br>ә) кітап, әже, Айгүл, мектеп сөздерін қатыстырып сөйлем құрату.<br>2. «Ой қозғау»<br>Қайталанып келген әріптерді алып тастау арқылы жасырынып тұрған сөзді табу.<br>СҚСАРСЛСЫСҒСАСШ<br>ҚАРЛЫҒАШ<br>Сұрақ: Қарлығаш қандай құс? Осы туралы қандай ертегі білеміз?<br>3. «Кім біледі?» Ойыны.<br>а) Бала, машина, қуыршақ, балапан, балабақша сөздерін буынға бөлу.<br>ә) Сөзді қалай буынға бөлеміз? | | | | **2. Музыка**<br>**«Домбыраның күмбірі»**<br>Міндеті: Әлемдегі ең асыл жан-анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету.<br>Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың бейнелерін атап айтуды сұрайды (қуанышты, салмақты, сабырлы, т.б.)<br>- Ал сендердің аналарың қандай көңіл күйде жүреді?<br>- Қуанғанда қандай болады?<br>- Сендерге ренжігенде не істейді?<br>- Сендерді еркелеткенде, жақсы көріп иіскегенде түрі қандай болады?<br>Балаларға мимика арқылы көрсетуді ұсынады.<br>*Еркелеткен баласын,*<br>*Аман болшы, анашым.*<br>*Музыка тыңдау: «Аман болшы, анашым!»*<br>- Бұл ән бәріміздің де аналарымызға арналған.<br>- Әннің көңіл күйі қандай?<br>- Сендерге ұнады ма?<br>Мазмұнын әңгімелеуді сұрайды. *Дауыс жаттығуы: «Әдемі ән», «Анашым».* Терең тыныс алып, дыбыстардың біркелкі шығуына көңіл аудару. Таза айтуларын қадағалау.<br>*Ән үйрену: «Анашым»* (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек) орындалады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Балаларға ән мәтіні және әуені үйретілед |
| | **3. Математика «Тышқан мен тиінді коректендірейік. Өлшеу». Міндеті:** Реттілік суреттері түріндегі есептік жағдаят негізіндегі қарапайым есептердің үлгісін жасау іскерлігін анықтап білу. **Айырмашылығын тап»** дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.<br>Мазмұны.<br>Бұл ойында тәрбиеші сенсориканы, көлемді, кеңістік қатынасын, санын салыстыру үшін белгілі бір мақсатты көздейді. Ары қарай салыстыратын заттардың санын арттыра отырып, бірнеше нұсқаларын қатарынан істеуге болады. Ойын өткен материалды бекітуге арналған. Тәрбиеші балалардың сөйлемді дұрыс байланыстырып сөйлеуін қадағалайды. | | | | **3. Сурет /Құрастыру/ Мүсіндеу/Жапсыру Міндеті:** Түрлі пішіндерді қиып жапсыру, құрастыру, суретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>Педагогтың жұмыс тәсілін көрсетуі.<br>- Айтыңдаршы зымыранның қандай бөліктері бар?<br>- Зымыранның адам отыратын жері корпусы /негізі/ деп аталады<br>- Зымыранның терезесі емес, иллюминатор дейміз.<br>- Оның пішін қандай?<br>- Зымыранның жоғарғы төбесі қандай пішінге ұқсайды?<br>- Қанаттары қандай пішінге ұқсайды?<br>Бүгін біз зымыранды мына түсті пішіндерден қиып құрастырып жапсырамыз. Қызыл шаршының бұрыштарын қиып дөңгелек пішінді аламыз. Бұл зымыранның иллюминаторы. Ал мына шаршыны қиғаш етіп, бір бұрышынан қарама - қарсы екінші бұрышына қарай қиып үшбұрышты пішіндер аламыз. Бұл зымыранның қос қанаты Енді зымыранның төбесі қандай пішінге ұқсайды? Көгілдір парақтың ортасына пішндерді дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар екі сайқымазақты салыстырады. Салыстыруда мына сөздер пайдаланылады: кең – тар, қалың – жұқа, ұзын – қысқа | | | | орналастырамыз, Таза ұқыпты етіп желімді жағып пішндерді жапсырамыз Балалардың жеке жұмысы - - Көктем мезгілі. - Күн жылынады, ағаш бүршік жарады, шөп шығады, құстар жылы жақтан ұшып келеді. - Ға - рыш - кер - лер. У - у - у - у - у - у! - Жер дөңгелек. - Иттер. - Белка, Стрелка. Зымыранның адам отыратын жері, терезесі, қанаттары бар. - Корпусы тіктөртбұрыш түсі сары - Ил - лю - ми - на - тор - Дөңгелек пішін, түсі қызыл - төбесі үшбұрыш ты пішін, түсі қызыл - Қанаттары үшбұрыш |
| | **4. Көркем әдебиет «Достық мерекесі» (өлеңді жаттау) Серікбай Оспанов Міндеті:** Қазақ халғының тұрмыс-тірішілігі туралы түсінігін қалыптастыру.Өлеңді көңілді шабыттана айтуға баулу. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Ұқсайтын шеңберге, Қабырғасы жиылып, керіледі. Жиһазы мол, кең бөлме. Төбесінен жұлдыздар | | . | | **4. Дене шынықтыру «Кел достарым. Келіңдер!»** Міндеті: Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге,ептілікке,төзімділікке баулу. Ойын. "Сиқырлы гүл" - Мен бүгін топқа кірсем Анель диванда отыр екен. Оның көңіл күйі жоқ, қалай ойлайсыңдар? - Сендер оның орнында болсаңдар не істер едіңдер? - Біз балалармен ойнар едік. - Мен тәрбиешіге көмектесер едім. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрінеді.<br>Ол не ?<br>-Балалар, қонаққа барғыларың келе ме?<br>-Онда әжеміздің киіз үйіне қонаққа барайық. (қонаққа келеді)<br>Ақ әже қуанышты қарсы алады.<br>-Сәлеметсіңдер ме , балалар!<br>- Келгендерің қандай жақсы болды. Келіңдер, төрлетіңдер.<br>-Ақ әже киіз үйдің ішкі және сыртқы бұйымдармен таныстырады.<br>- Киіз үй ата – бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп – қонып жүргенге өте қолайлы. Шаңырағы, керегесі , уығы, есігі , жабуы киізден жасалғандықтан – киіз үй деп айтылған.<br>-Енді мен сендерге «Киіз үй» өлеңін оқып берейін.<br>Атам менің айбынды,<br>Атам менің сүйікті!<br>Бір қойнауға шалғынды<br>Киіз үйін тігіпті.<br>**Бөлшектерді құрастыр»** дидактикалық ойынын ұйымдастырады. Қиынды суреттерден біртұтас сурет құрастырып,қандай сурет болып шыққанын айтып беру керектігін | | | | - Мен сурет салар едім. Ортада Анельдің ашулы кейіптері суреті ілініп тұр. Балалар біртіндеп жапырақтарды алып Анельдің жан - жағына іледі де, көздерін жұмып теріс бұрылады. Осылайша ашуды қыздың орнына көңілді Анель ілінеді. Балалар не үшін көңілі көтерілгенін түсіндіреді. Ойын жаттығу. "Мені еркелет"<br>Балалар, өкпелеп тұрған баланы сөйлетуге болады, еркелетуге болады. Ортаға бір баланы шақырып орындыққа отырады. Қалған балалар оны еркелетіп, басынан, аяғынан сипайды.- Балалар, еркелеткенде не сезіндіңдер?- Мейірімділікті, жақсылықты. Вальс әуені қойылады. Төбеде жылтырақтар қалықтап жүреді.- Балалар, жоғарыға қараңдаршы? Аспандағы көріністер не деген тамаша. Олар маған көтеріңкі көңіл - күй береді. Биде біз айналамыз, күлеміз, достасамыз.<br>Балалар вальс билеп жүреді. Осы кезде қонаққа сайқымазақ кіріп келеді. Ол балаларға көтеріңкі көңіл - күй сыйлайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіреді. | | | | |
| Серуен | **Серуен 1**<br>Балаларға мектеп ауласымен таныстыру. | **Серуен 2**<br>Күнді бақылау<br>Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. | **Серуен3**<br>Аспанды бақылау<br>Мақсаты:табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту. | **Серуен 4**<br>**Жәндіктерді бақылау**<br>Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. | **Серуен 5**<br>**Ауа-райын бақылау**<br>Мақсаты: Күз мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. |
| Балаларды үйге шығарып салу<br>Ата-аналарға кеңес | Балалардың күні бойындағы жетістіктері мен үлгерімі жайында айту.<br>Сау болыңдар балалар! | Ата -аналармен тығыз байланыста болу.<br>Сау болыңдар балалар! | Ата -аналармен тығыз байланыста болу.<br>Сау болыңдар балалар! | Үйге: «Жеңіс» әнін жаттау<br>Сау болыңдар балалар! | Ата- аналармен тығыз байланыста болу.<br>Сау болыңдар балалар! |

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Бектау ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

**Мектепалды даярлық:** О  сыныбы

***Жоспардың құрылу кезеңі* III-апта** 13.05-17.05 2023-2024 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі<br>13.05.** | **Сейсенбі<br>14.05.** | **Сәрсенбі<br>15.05.** | **Бейсенбі<br>16.05.** | **Жұма<br>17.05.** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.Балаларды қабылдау. | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу.<br>Кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу. Балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу.  Балалардың тазалығы туралы, көңіл күйлері туралы әңгімелесу. Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу. Балалардың денсаулығы, көңіл күйлері туралы әңгімелесу. | | | | |
| Баланың дербес әрекеті. Үстел- үсті ойыны. Баяу қимылды ойындар. Бейнетаспа, кітап тар көру | **Қимылды ойын.**<br>**« Сипаттамасы бойынша тап»**<br>**Мақсаты:** ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.<br>**Ойын барысы**: балалар аю, түлкі, қасқыр, | | **Үстел үсті ойыны.**<br>**«Үйдің есігін жабайық»**<br>**Мақсаты:** заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы**: қағаздан | | **Үстел- үсті ойын:«Пазлдарды құрастырамыз»**<br>**Мақсаты:**конструктормен ,есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. | | қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну. | | Көліктер жайлы әңгімелесу. |
| Таңертеңгі жаттығу | Түрлі жаттығулар кешені | | | | |
| **Мектепалды даярлық сынып кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекет.** | Дене шынықтыру<br>Сауат ашу<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сөйлеуді дамыту<br>ҚОТ<br>Математика<br>Қазақ тілі | Сауат ашу<br>Математика<br>Көркем әдебиет<br>Дене шынықтыру | Сөйлеуді дамыту<br>ҚОТ<br>Музыка<br>Қазақ тілі | Сауат ашу<br>Музыка<br>Шығармашылық<br>Дене шынықтыру |
| | Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын күн келді.<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн! | **«Жүректен жүрекке»**<br>Біздің топта ұл қыздар,<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>Айналаға, бар адамға<br>Тек мейірім сыйлаймыз. | **«Күнге сәлем»**<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы таң! Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін! | **«Шеңбер бойындағы доп»** ойыны.<br>Мақсаты;шыдамсыз,импульсивті балаларды өзін – өзі устауға үйрету.<br>Педагогтың белгісі бойынша балалар допты шеңбер бойынша бір – біріне береді.<br>«Тоқта»деген белгі берілген кезде тоқтатылады.Допты түсіріп алған немесе уақытында тоқтай алмаған балалар ойыннан шығарылады. | **«Мен шыншыл баламын»**<br>Арым таза, ақ көңіл,<br>Адалдыққа сенемін.<br>Абыройлы ақ ниет,<br>Адамдыққа сенемін! |
| | **1. Дене шынықтыру «Топтасып өтеміз»**<br>Міндеті: Өз-өзін басқару мен кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.<br>Бәріміз бірге «Орамал тастамақ» ойынын ойнайық.<br>Ойын шарты: Балалар шеңбер бойымен | **1. Сөйлеуді дамыту «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» (мысал)**<br>Міндеті: Сөйлем түрлері бойынша білімдерін дамыту.Сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау.<br>Педагог балаларға | **1. Сауат ашу негіздері Дыбыстар. Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Қайталау**<br>Міндеті: Сөздердің жалпы атауын атауға,дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту.<br>**Дидактикалық ойын:** «Сөз ойла,тез ойла» **Ойын шарты:** Кез- келген әріп | **1. Сөйлеуді дамыту «Түлкі мен қоян» ертегі**<br>Міндеті: Дыбыс туралы алған білімдерін пысытау.Ертегі мақмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге үйрету.<br>Педагог балаларға ертегінің мазмұны бойынша оқып береді.Өткен заманда | **1. Сауат ашу негіздері Сөздер мен сөйлемдер**<br>Міндеті: Сөйлем құрау,дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып,буынға бөлу дағдыларын жетілдіру<br>**Дидактикалық ойын**<br>«Сөз ойла көп, ойла» ойыны.<br>а) Әріптерден, буындардан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрады. Ортаға бір бала шығып көзін жұмып тұрады. Сол уақытта кез - келген баланың басына орамал жауып қою. Көзін ашып, кімнің жасырынып тұрғанын табуы тиіс.<br>- Балалар, менің бас киімімді қараңдар іші бос қой, ал енді қараңдар ішінде не бар?<br>- Кішкене құты, мұның ішінде не бар екенін байқайық, балаларға көрсету су екенін айту.<br>- Суды бірге сиқырлайық.<br>- 1, 2, 3 өңім болсын түс. Көпіршік шариктер шығару.<br>Мен шариктерге айтар едім:<br>Домала шарик, домала,<br>Балшыққа тек жоламa.<br>Жек көремін оныңды,<br>Бүлдіресің қолымды.<br>Секіріп өт одан да,<br>Секіріп өт жолдан да.<br>Қуса күшік жетпесін,<br>Машина басып кетпесін. | Маңдай тер әңгімесін оқып береді.<br>Ата, мынаны қараңызшы! Былтыр отырғызған көшетім... О-о, менен биік боп кетіпті!<br>Жасыл желек жая бастаған жас алма ағашына қызыға қараған кішкентай Олжастың үнінде таңданудан гөрі қуаныш басым. Өз еңбегінің жанғанына масаттанып тұрған сияқты.<br>— Өскені жақсы, құлыным! Демек, күтімі жақсы! Былтыр жаз бойы уақтылы суғарып, жақсы қарағансың ғой, — деп атасы оны арқасынан қағып, көтермелеп жатыр.<br>— Ал мен ше?.. — Аузы бұртия қалған Олжасқа атасы аң-таң.<br>— Сен немене?<br>— Мен неге өспедім?<br>Әңгіме ауанын жаңа аңдаған атасы еріксіз езу тартып:<br>— Сен де өстің, — деп түсіндіре бастады. Былтыр балабақшаның даярлық тобында едің, биыл бірінші сыныпты бітірдің, міне. Ойың өсіп, ақылың да толысып келеді. Амандық болса... | таңбасын көрсетіп, сол әріптен басталатын сөз айтады. **1-қатар**: Көрсетілген дыбысқа сөз айтады. **2-қатар:** Сол сөзге дыбыстық талдау жасайды **3-қатар:** Сол сөзге сөйлем құрау.<br>**Дидактикалық ойын:** Тиісті әріптерді қой. Тақтаға ілінген сөздердің қажет әріптерін қою. ….ота (б,а) Бо…(р,а) Б…л(а,м) | біреудің Айсұлу және Күнсұлу деген екі қызы болыпты. Екеуі де теңдесі жоқ сұлу екен. Бірінен-бірі асқан сұлумын деп бірімен-бірі үнемі ұрысысып, жиі-жиі жанжалдасып қалады екен. Бір күні Күнсұлу іс тігіп отырған Айсұлуға тиісіп:<br>– Сенен мен сұлумын! - дейді. Ал Айсұлу болса:<br>– Жоқ, сен сұлу емессің, мен сұлумын! - деп таласады. Ақыр аяғында бұл талас үлкен шатаққа айналады. Ыза қысып, әбден ашуланған Күнсұлу өзіне қарсы келіп отырған Айсұлудың бетін тырнап алады. Күнсұлу тырнағының ізі Айсұлудың бетінде өшпестей болып қалады. Міне, содан бері Айсұлу жұрттан ұялып, тек түнде ғана тысқа шығады екен. Ал бейбастақтығынан қатты ұятқа батқан Күнсұлу түн қараңғылығында бұғып жатады екен. Содан бері Айсұлу мен Күнсұлу біріне-бірі көрінбейді. | сөз құрату. Сол сөздерге дыбыстық талдау жасату. Мысалы: а – дауысты, л – дауыссыз, а – дауысты<br>ә) кітап, әже, Айгүл, мектеп сөздерін қатыстырып сөйлем құрату.<br>2. «Ой қозғау» Қайталанып келген әріптерді алып тастау арқылы жасырынып тұрған сөзді табу.<br>СҚСАРСЛСЫСҒСАСШ<br>ҚАРЛЫҒАШ<br>Сұрақ: Қарлығаш қандай құс? Осы туралы қандай ертегі білеміз?<br>3. «Кім біледі?» Ойыны.<br>а) Бала, машина, қуыршақ, балапан, балабақша сөздерін буынға бөлу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | — Бойым ше?.. Мына қараңыз! — Алма ағашының түбіне тұра қалған немересі төбесіне қойған алақанының қырымен көшеттің діңін сызды. Расында бойы мәуелеп кеткен көшеттің түбінен ғана келеді екен.<br>— Құлыным-ау, бұл жеміс ағашы ғой. Ол тез өсіп, мәуелеп, тезірек жеміс беруі керек. Сөйтіп, «сыйға — сый» дегендей, сенің еңбегіңді ақтап, биыл болмаса да, келер жылы саған қап-қап алма сыйлауы тиіс.<br>— Алма! Келер жылы алма бере ме маған!? Алманы естіп мәз болған Олжас бой жайын әп-сәтте ұмытып, жүзі бал-бұл жайнап шыға келді.<br>— Иә, құлыным, амандық болса, келер жылы бұл көшетіңнің жемісін жейтін боласың. Бұл — сенің өз қолыңмен отырғызған алғашқы жеміс ағашың, алғашқы маңдай терің. Жаратқан ием бұйыртып жегізсін де. Ол үшін сен биыл да мұны жақсылап күтіп-баптап, жаз бойы суғарып тұруың керек. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Діңі мен жапырақтарына қаскөй зиянкестерді жолатпауға тиіссің.<br>— Ата, маңдай тер деген не?<br>— Ә-ә, маңдай тер деген бе? Маңдай тер деген — сенің осы жеміс ағашының жайқалып өсуіне төккен терің, сіңірген адал еңбегің. Атамыздан қалған «табан ақы, маңдай тер» деген сөз бар. Міне, ала жаздай осы бау-бағымызды күтіп-баптап, сары күзде жинаған жемісіміз екеуміздің табан ақы, маңдай теріміз, яғни өзіміздің таза еңбегіміздің төлеуі болып саналады. Демек, өзіміз егіп, өзіміз өсірдік, өзіміз жинадық. Ешкімнен сұрап та, сатып та алған жоқпыз. Рас қой?<br>— Иә!<br>— Ендеше, біліп қой, табан ақы, маңдай термен тауып жеген астан дәмді ештеңе жоқ. Бақыт дегенің де — сол еңбегіңнің жануы, маңдай теріңнің жемісін жеу деген сөз, балам! Атасының салиқалы сөздері көңіліне қанат | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бітірген кішкентай Олжас қолына шап-шағын күрегін алып, алма ағашының түбін қопсытуға кірісіп кетті. Кішкентай немересінің құлшынысына көңілі сүйсінген атасы да кетпенін иығына асып, саяжайдың екінші жағына аяндады. «Иә, раббым, кішкентай бағбаныңның талабына өзің медет бере гөр!» | | | |
| | **2. Сауат ашу негіздері Дауысты және дауыссыз дыбыстар әлемі**<br>Міндеті: Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға сөздер ішініен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Жалғастыр» ойыны. Өлеңнің екі жолын оқу. Балалар жалғастыру керек.<br>Отан сенің ата - анаң,<br>Отан - досың, бауырың<br>..............................<br>Тоңазып атырап,<br>Көп жеміс піседі.<br>....................................<br>Жиып – теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>....................................<br>....................................<br>Тасытқан соң күшімді,<br>Шынығуды бітіріп, | **2. ҚОТ**<br>**«Жидектер»**<br>Міндеті: **:** Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын күшейтіп,бақылау нәтижесін салыстыру,талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту.Балалардың Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдітер туралы түсініктерін нығайту Қызыл кітапқа қандай жануарлар мен өсімдіктер енген? Қызыл кітап туралы түсінік беру.<br>— Қызыл кітапқа сирек кездесетін, жылдан-жылға азайып не хойылып бара жатқан, сондықтан да | **2. Математика**<br>**«Менің көшемде не бар? Нені білеміз, нені жасаймыз»**<br>Міндеті: 10-ның көлемінде есептеу дағдыларын меңгере түсу.<br>***«Жасырынбақ» ойыны.***<br>***Шарты:*** 1-ден 10-ға дейінгі сандар беріледі. Сол сандардың 2-уін жасырамын. Балалар жасырылған сандарды табу керек.<br>***«Поезд» құрастыру ойыны.***<br>***Шарты:*** Вагондарға сандар жазылады. Сол санның шешуін тауып вагонға тіркеу керек.<br>Мысалы:<br>0+0,<br>1+2,<br>2+5,<br>3+7<br>-«3» санын (саусақпен көрсету)<br>-«7» санын (саусақпен көрсету) | **2. ҚОТ**<br>**«Көгөніс егетін адам»**<br>Міндеті: Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын күшейтіп,бақылау нәтижесін салыстыру,талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту.Балалардың Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдітер туралы түсініктерін нығайту<br>Қызыл кітапқа қандай жануарлар мен өсімдіктер енген?<br>Қызыл кітап туралы түсінік беру.<br>— Қызыл кітапқа сирек кездесетін, жылдан-жылға азайып не хойылып бара жатқан, сондықтан да айрықша | **2. Музыка**<br>**«Гүл көбелек»**<br>Міндеті: Балаларға опера ,балет туралы мағлұмат беру. Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу.<br>Ел қорғауға әзірміз.<br>*Ән тыңдау: «Елім-ай»* әнін (Н. Меңдіғалиев) жеке дауыстағы әншінің орындауында үнтаспадан тыңдайды.<br>Келесі тыңдайтындарыңыз - «Біржан мен Сара» операсынан үзінді.<br>Балалар, сендер қандай театрда болдыңдар?<br>- Әнші қандай ән айтты?<br>- Даусы қандай? Жоғары диапазонда айтты ма, әлде төмен бе?<br>- Қандай биді көрдіңдер? Биді шапшаң биледі ме? Жоқ, жай ырғақта биледі ме? - Сендер өте жақсы тыңдадыңдар, жүріңдер, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | .................................. | айрықша қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктердің түрлері тіркеледі.Қызыл кітапқа енгізілген жануарлардың аттарын атайды.—Қызыл кітапқа енген құстарды туып, оларды бояу.<br><br>**«Қызыл кітап» дидактикалық ойыны.**<br><br>5. Педагог сұрақ-жауап және көрнекілік әдістері арқылы балалардың сабақта алған білімдерін пысықтайды. | -«10» санын (саусақпен көрсету) | қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктердің түрлері тіркеледі.Қызыл кітапқа енгізілген жануарлардың аттарын атайды.—Қызыл кітапқа енген құстарды туып, оларды бояу.<br>**«Қызыл кітап» дидактикалық ойыны.**<br>5. Педагог сұрақ-жауап және көрнекілік әдістері арқылы балалардың сабақта алған білімдерін пысықтайды. | бәріміз бірге метроға мініп, үйге қайтайық.<br>*«Балдырғандар жырын»* айтады. |
| | **3. Математика**<br>**«Қоян орманға барады.**<br>**Нені білеміз, нені жасаймыз»**<br>Міндеті: Сағат туралы ұғымдарды қалыптастыру.Сағат сандарын үйрету.<br>**«Өз орныңды тап» дидактикалық ойыны**<br>Мақсаты: Цифрлардың | **3. Математика**<br>**«Дастарқан жаю дәстүрі.**<br>**Нені білеміз, нені жасаймыз»**<br>Міндеті: 10-ның көлемінде есептеу дағдыларын меңгере түсу<br>***«Жасырынбақ» ойыны.***<br>***Шарты:*** 1-ден 10-ға | **3. Көркем әдебиет**<br>**«Бала - біздің болашақ» (өлеңмен танысу)**<br>**Қасым Аманжолов**<br>Міндеті:Өлеңді көңілді шабыттана айтуға баулу.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Ұқсайтын шеңберге,<br>Қабырғасы жиылып, керіледі.<br>Жиһазы мол, кең бөлме.<br>Төбесінен жұлдыздар | **3. Музыка**<br>**«Бақытты балалық шақ»**<br>Міндеті: Балаларда дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойын шарты:** Музыка жетекшісі балаларға карточкада тауық, үйрек, күрке тауық, ит, мысық аналарын т.б көрсетеді, ал балалардың қолдарында | **3. Сурет /Құрастыру/ Мүсіндеу/Жапсыру**<br><br>Міндеті: Балалардың жапсыруда сюжетті композиция жапсыру,құрастыру, суретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>Дидактикалық ойын«Кім тапқыр»<br>Мақсаты: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сандар қатарындағы орны, көрші сандар туралы білімдерін нақтылау.<br>Тәрбиеші балаларға 0-ден 10-ға дейінгі цифрларды таратып береді. (балалар цифрлар болады). «Цифрлар» музыка ырғағымен билеп жүреді. Музыка тоқтасымен балалар тез бір қатарға тұра қалады. Қалған балалар «цифрлардың» орындарын дұрыс тапқандықтарын тексереді. Содан кейін тәрбиеші бірнеше баладан аталған сандардың көрші сандарын атауды сұрайды.<br>**Зат неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны**<br>Тәрбиеші сопақшаның бөлме ішіне жасырынып қалғанын айтады. Балалар бөлме ішінде сопақша пішіндегі заттарды атайды. | дейінгі сандар беріледі. Сол сандардың 2-уін жасырамын. Балалар жасырылған сандарды табу керек.<br>***«Поезд» құрастыру ойыны.***<br>***Шарты:*** Вагондарға сандар жазылады. Сол санның шешуін тауып вагонға тіркеу керек.<br>Мысалы:<br>0+0,<br>1+2,<br>2+5,<br>3+7<br>-«3» санын (саусақпен көрсету)<br>-«7» санын (саусақпен көрсету)<br>-«10» санын (саусақпен көрсету) | көрінеді.<br>Ол не ?<br>-Балалар, қонаққа барғыларың келе ме?<br>-Онда әжеміздің киіз үйіне қонаққа барайық.<br>(қонаққа келеді)<br>Ақ әже қуанышты қарсы алады.<br>-Сәлеметсіңдер ме , балалар!<br>- Келгендерің қандай жақсы болды. Келіңдер, төрлетіңдер.<br>-Ақ әже киіз үйдің ішкі және сыртқы бұйымдармен таныстырады.<br>- Киіз үй ата – бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп – қонып жүргенге өте қолайлы. Шаңырағы, керегесі , уығы, есігі , жабуы киізден жасалғандықтан – киіз үй деп айтылған.<br>-Енді мен сендерге «Киіз үй» өлеңін оқып берейін.<br>Атам менің айбынды,<br>Атам менің сүйікті!<br>Бір қойнауға шалғынды<br>Киіз үйін тігіпті.<br>**Бөлшектерді құрастыр»** дидактикалық ойынын ұйымдастырады.<br>Қиынды суреттерден біртұтас сурет құрастырып,қандай сурет болып шыққанын айтып беру керектігін түсіндіреді. | кіші карточка (балалары) музыка жетекшісі әндетіп балалардан сұрайды, балалар әуенді танып не туралы айтылғанын ұғып керек карточканы көрсетеді.<br>**Аю мен құс**<br>**Ойын шарты:** Музыкалық баспалдақ, ән күй жетекшісі күйсандықта балапанның, аюдың әндерін ойнайды, ал балалар музыканы тындап, ойлап тауып музыкалық баспалдаққа, жоғары баспалдаққа-балапан, ал төменгі-аю дұрыс қоюлары керек. | Көбелектің түсіп қалған қанатын тауып, құрастыру. Бүгін осы көбелектер туралы көп нәрсе үйренеміз.<br>1. Олар көрмейді және естімейді<br>2. Тек жылы мезгілде ғана тіршілік етеді.<br>3. Олар қуыршақтан пайда болады.<br>4. 4 қанаты бар, өте нәзік, гүлмен қоректенеді.<br>5. Қыста ұйықтап жатады.<br>Көбелек қандай ауа райын ұнатады?<br>Магнит тақтаға жыл мезгілдеріне байланысты суреттер ілінеді, бала қолына көбелек бейнесі беріледі<br>Ал енді балалар осы әдемі көбелектерді өзіміз бетіне жапсырып, досымызға силық жасайық<br>1. Ол үшін бізге не жасау керек екенімізді түсіну үшін үлгі керек<br>Тақтаға үлгі ілінеді.<br>Тапсырма: әр столға 4 балаға көбелектің 4 қанаты беріледі, әдемілеп, сәйкестігін тауып, ұқыптылап көбелекті құрастырып шығамыз.<br>2. Қатты қағаздар, көбелек бейнесі, желім, сулықтар қажет. |
| | **4. Көркем әдебиет «Аққу- қаздар» ертегісі**<br>Міндеті: Еліміздегі ұлт өкілдерінің мәдениеті | **4. Қазақ тілі «Й дыбыс мен әрпі»**<br>Міндеті: Сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру. | **4. Дене шынықтыру «Гүлдей жайқалайық, өсейік»**<br>Міндеті: Ұлттық ойындарға қызығушылығын | **4. Қазақ тілі «Достық» ертегісін баяндау**<br>Міндеті: Сөздерді саналы түрде есте сақтауға және | **4. Дене шынықтыру «Епті бол! Фиболмен ойнайық»**<br>Міндеті: Ептілікті, күштілікті, төзімділікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы түсінігін қалыптастыру.Дербес әрекетте көркем тілдік дағдыларды қолдана білуін бекіту.<br>Алдын ала әр ұлттардың киімін киген басқа топтың балаларын шақырып қоямын.<br>Музыка ойналып, басқа ұлт өкілдері болып киінген балалар топқа кіреді.<br>Кірген балалармен амандасып, төрге шақыру.<br>Балалардың назарларын төрде отырған әр ұлт өкілдері болып киінген балаларға аудартамын.<br>Біздің елімізде қазақ, орыс, өзбек т.с.с ұлттар тату тәтті тыныштықта өмір сүреді.<br>Қарандаршы ұлттардың өздеріне тән киімдері де бар.<br>**«Ұлттық киімді ата!» дидактикалық ойыны**<br>Кез келген баланың киімін көрсетіп:<br>Мынау не?<br>Көйлектің түсі қандай?<br>Ал, мынау не?<br>Бас киімді не деп атаймыз<br>Айтыңдаршы, камзол мен бөріктің түсі қандай?<br>Ал, аяғында не?<br>Сендер қандай ою-өрнектерді білесіңдер?<br>Жарайсыңдар, әр | Сөздерді,сөйлемдерді байланыстырып, құрастыруды дағдыландыру.<br>Балалар бүгінгі іс әрекетімізді **«Кім жылдам?»** ойыны арқылы байқап көрейік.<br>Отан оттан да ...........(ыстық)<br>Туған жердей жер болмас,<br>Туған елдей ..........(ел болмас)<br>Өз елің .......... (алтын бесігің)<br>3. Сұрақ қою - әдісі арқылы мезгіл, уақыт туралы білімдерін бекіту:<br>-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады, мына слайдтарға қарап әңгімелеп береміз<br>- енді, балалар пиктограмма арқылы ойларымызды тиянақтаймыз.<br>- Сендер қалай ойлайсыңдар, неге осы мезгілді «көктем» деп атаған?<br>- Бұл сөздің қандай мағынасы бар?<br>-Иә, көктем сөзі көгереді, көктейді, айналаның бәрі көк болады дегенді білдіреді екен. | арттырып,азаматтық пен толеранттыққа баулу.<br>Ойын: Ұлттық ойын «Арқан тартыс»<br>Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен ойналатын ойын бір түрі. Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ өз жағына алып, келсе сол топ жеңіске жетеді.<br>Ойын: Ұлттық ойын «Теңге алу»<br>Ойын шарты: Бұл ойынды ер балалар ойнайды. Аттың орнына шыбық ат пайдаланады. Белгілі бір жерге теңгені ыдысқа салып қояды. Ойыншылар атпен шауып келіп еңкейіп теңгені ыдыстан тез алып шаба жөнеледі. Егер ойыншы теңгені алмай қалса жеңілген боп есептеледі.<br>Ойын: Ұлттық ойын « Қол күрес»<br>Ойын шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек | дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Кімнің құралы?»<br>Мақсаты: Балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Құралдар: мектеп қызметкерлерінің жұмысына арналған құралдар<br>Шарты: Балалардың алдында кескінді ұсақ суреттер жатады.<br>Тапсырма: Педагог мектеп қызметкерлерінің суреттерін көрсете отыра балалардан олардың жұмыстарына керекті құралын тауып беруін талап етеді. | дамыту. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, көшбасшылыққа ұмтылу, ұстамдылық, тәртіпке баулу.<br>**Қапшық жарыс» ойыны.**<br>Мұғалімнің белгісі бойынша жүгіріп шығып қапты киіп алып, 10 - 15 метр жердегі арнаулы мәрені айналып қайтады да, шапшаң шешіп өзінен кейінгі ойыншыға береді, тағы сол сияқты қайталайды. (Нұсқау: Қаптың аузың екі қолмен ұстап жүгіруге болады.)<br>«Жаяу аударыспақ» ойыны.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Әркім бір – бір баланы ат қылып мінеді де, соның үстіне мінеді де, соның үстіне мініп отырып тартысады. Астындағы ойыншы қозғалмай тұруы тиіс. Аударысқандардың қайсысы құлап қалса немесе аяғы жерге тиіп кетсе, сол жеңілген болып есептеледі.(Нұсқау: Бірін – бірі ат қылып мінеді. Астындағы ойыншы қозғалмай тұруы тиіс.) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұлттардың киімдеріндегі ою-өрнектері де өзгеше<br>**Шарлармен ойын-жаттығуы**<br>Балаларға жақында мейрам болатынын,мерекеде балалар ата-аналарымен бірге алаңға шығатынын айтамын. Барлық тұрғындар мерекенің көңілді өтуі үшін өздері тұратын ауылды әдемілеп безендіретіндерін әңгімелеймін. Мейрамда барлық адамдар көшеде қолдарына түрлі-түсті ту, шар, гүлдер ұстап шығады | -Ал осы көктем деген әдемі сөзде неше буын бар?<br>-Қазақ тілінде неше әріп бар?<br>-Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>-Дыбыспен әріптің айырмашылылығы неде? | | | |
| Серуен | **Серуен 1**<br>Балаларға мектеп ауласымен таныстыру. | **Серуен 2**<br>Күнді бақылау<br>Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. | **Серуен3**<br>Аспанды бақылау<br>Мақсаты:табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту. | **Серуен 4**<br>**Жәндіктерді бақылау**<br>Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. | **Серуен 5**<br>**Ауа-райын бақылау**<br>Мақсаты: Күз мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. |
| Балаларды үйге шығарып салу<br>Ата-аналарға кеңес | Балалардың күні бойындағы жетістіктері мен үлгерімі жайында айту.<br>Сау болыңдар балалар! | Ата -аналармен тығыз байланыста болу.<br>Сау болыңдар балалар! | Ата -аналармен тығыз байланыста болу.<br>Сау болыңдар балалар! | Үйге: «Жаз» әнін жаттау<br>Сау болыңдар балалар! | Ата- аналармен тығыз байланыста болу.<br>Сау болыңдар балалар! |

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Бектау ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

**Мектепалды даярлық:** О сыныбы
***Жоспардың құрылу кезеңі* IV-апта** 20.05-24.05 2023-2024 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 20.05.** | **Сейсенбі 21.05.** | **Сәрсенбі 22.05.** | **Бейсенбі 23.05.** | **Жұма 24.05.** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.Балаларды қабылдау. | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу. Кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу. Балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу. Балалардың тазалығы туралы, көңіл күйлері туралы әңгімелесу. Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу. Балалардың денсаулығы, көңіл күйлері туралы әңгімелесу. | | | | |
| Баланың дербес әрекеті. Үстел- үсті ойыны. Баяу қимылды ойындар. Бейнетаспа, кітап тар көру | **Қимылды ойын. « Сипаттамасы бойынша тап»** **Мақсаты:** ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту. **Ойын барысы**: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. | **Үстел үсті ойыны. «Үйдің есігін жабайық»** **Мақсаты:** заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. **Ойын барысы**: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну | **Үстел үсті ойыны «Сиқырлы суреттер»** **Мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. **Ойын барысы**: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. | **Қимылды ойын Ұшақтар** Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады. | **Үстел- үсті ойын:«Пазлдарды құрастырамыз»** **Мақсаты:**конструктормен ,есептеу таяқшаларымен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу. |
| Таңертеңгі жаттығу | Түрлі жаттығулар кешені | | | | |
| **Мектепалды даярлық сынып кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекет.** | Дене шынықтыру<br>Сауат ашу<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сөйлеуді дамыту<br>ҚОТ<br>Математика<br>Қазақ тілі | Сауат ашу<br>Математика<br>Көркем әдебиет<br>Дене шынықтыру | Сөйлеуді дамыту<br>ҚОТ<br>Музыка<br>Қазақ тілі | Сауат ашу<br>Музыка<br>Шығармашылық<br>Дене шынықтыру |
| | Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын күн келді.<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн! | **«Жүректен жүрекке»**<br>Біздің топта ұл қыздар,<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>Айналаға, бар адамға<br>Тек мейірім сыйлаймыз. | **«Күнге сәлем»**<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы таң! Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін! | **«Шеңбер бойындағы доп»** ойыны.<br>Мақсаты;шыдамсыз,импульсивті балаларды өзін – өзі устауға үйрету.<br>Педагогтың белгісі бойынша балалар допты шеңбер бойынша бір – біріне береді. | **«Мен шыншыл баламын»**<br>Арым таза, ақ көңіл,<br>Адалдыққа сенемін.<br>Абыройлы ақ ниет,<br>Адамдыққа сенемін! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Тоқта»деген белгі берілген кезде тоқтатылады.Допты түсіріп алған немесе уақытында тоқтай алмаған балалар ойыннан шығарылады. | |
| | **1. Дене шынықтыру «Шеңберге бірге тұрайық»**<br>Міндеті: Ептілікті, күштілікті, төзімді дамыту. Жеке және топта жаттығуды жалғастыру.<br>Б. қ. «Кім биік?»<br>1Аяқтың ұшымен тұрып, қолды жоғары көтеріп жүру.<br>2. Допты алдымызға қойып отыру, қолды артқа тіреп, аяқты сәл жинап тізені оңға, түзу, солға бұру.<br>3. Екі аяқ бірге қол кеудеде бір орында тұрып секіру.<br>Жәй жүру, дем алу жаттығу. 2қат. бөлінді.<br>Тәрбиеші:<br>Тыңдаңыздар!<br>Тыңдаңыздар!<br>Біз баламыз шыныққан, Денсаулығы мықты жан спорттық сайысымызды бастаймыз. Біз бәріміз деніміз сау, күшті, әдемі болып өскіміз келеді. Онда анықтайық. Біздің | **1. Сөйлеуді дамыту «Жаздың көзі көңілді»**<br>Міндеті: Дыбыс туралы алған білімдерін пысытау.Ертегі мақмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге үйрету.<br>Өткен заманда біреудің Айсұлу және Күнсұлу деген екі қызы болыпты. Екеуі де теңдесі жоқ сұлу екен. Бірінен-бірі асқан сұлумын деп бірімен-бірі үнемі ұрысысып, жиі-жиі жанжалдасып қалады екен. Бір күні Күнсұлу іс тігіп отырған Айсұлуға тиісіп:<br>– Сенен мен сұлумын! - дейді. Ал Айсұлу болса:<br>– Жоқ, сен сұлу емессің, мен сұлумын! - деп таласады. Ақыр аяғында бұл талас үлкен шатаққа айналады. Ыза қысып, әбден ашуланған Күнсұлу өзіне қарсы келіп отырған Айсұлудың бетін | **1. Сауат ашу негіздері Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Міндеті: Сызба бойынша сөйлем құрауға сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру.<br>«Сөз ойла көп, ойла» ойыны.<br>а) Әріптерден, буындардан сөз құрату. Сол сөздерге дыбыстық талдау жасату.<br>Мысалы: а – дауысты, л – дауыссыз, а – дауысты<br>ә) кітап, әже, Айгүл, мектеп сөздерін қатыстырып сөйлем құрату.<br>2. «Ой қозғау»<br>Қайталанып келген әріптерді алып тастау арқылы жасырынып тұрған сөзді табу.<br>СҚСАРСЛСЫСҒСАСШ ҚАРЛЫҒАШ<br>Сұрақ: Қарлығаш қандай құс? Осы туралы қандай ертегі білеміз? | **1. Сөйлеуді дамыту «Асфальттағы суреттер»**<br>Міндеті: Дыбыстық талдауға жасауға үйрету.Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру.<br>Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының «Түлкі мен қоян» ертегісімен танысамыз.<br>Ерте, ерте, ертеде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізің жасыра алмай қиналыпты. Сол үшін қасқыр түлкінің артынан еріп, аңдып жүріп оның ініне түсіпті. Түлкі болса інінің екінші тесігінен шығып кетіпті Шығып кетпесе қасқыр түлкіні жеп қояр еді. Сөйтіп түлкі орманда қайғырып келе жатса ағаш түбінде отырған қоянды көреді. Ол кезде қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Содан түлкі жүгіріп барып қоянды ұстап алыпты. Қоян корыққанынан түлкішек | **1. Сауат ашу негіздері Ауыл мен қала туралы әңгімелеу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Міндеті: Сөйлем құрауға,сөйлем сызбасын сызуға берілген буыннан басталатын сөз ойлап айтуға төрт дыбысты сөздерге дыбыстық таладау жасауды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Жалғастыр» ойыны.<br>Өлеңнің екі жолын оқу. Балалар жалғастыру керек.<br>Отан сенің ата - анаң,<br>Отан - досың, бауырың<br>..............................<br>Тоңазып атырап,<br>Көп жеміс піседі.<br>...................................<br>Жиып – теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>...................................<br>...................................<br>Тасытқан соң күшімді,<br>Шынығуды бітіріп,<br>................................. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бүгінгі сайысымызда 2 топ жарысқа түседі. «Мықтылар» тобы мен «Шымырлар» тобы қарсы алыңыздар! | тырнап алады. Күнсұлу тырнағының ізі Айсұлудың бетінде өшпестей болып қалады. Міне, содан бері Айсұлу жұрттан ұялып, тек түнде ғана тысқа шығады екен. Ал бейбастақтығынан қатты ұятқа батқан Күнсұлу түн қараңғылығында бұғып жатады екен. Содан бері Айсұлу мен Күнсұлу біріне-бірі көрінбейді. | | мені жібере салшы мен саған құйрығымды сыйлайын депті. Міне содан бері түлкінің құйрығы ұзын әдемі де, ал ал қоянның құйрығы қысқа екен.<br>- Ертегі сендерге ұнады ма?<br>- Ертегіде нелер туралы айтылған?<br>- Ертеде түлкінің құйрығы қандай болған екен?<br>- Түлкі қасқырмен тату тұрмаған соң не істеген?<br>- Бір күні не болыпты?<br>- Түлкі қалай құтылып кетіпті?<br>- Әлден соң ағаш арасына кірген түлкі нені көреді?<br>- Сол жерде қоян өзін ұстап алған түлкіге не депті?<br>- Иә, балалар содан бері түлкінің құйрығы ұзын болып қалыпты.<br>Балалардан ертегі мазмұның сұрайды.<br>Енді ертегідегі «Түлкі» сөзі неше буыннан тұрады екен?<br>«Түлкі»сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>- Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>- Ал дауыссыз дыбыстарды ше?<br>« Түлкі сөзі» қандай дыбыстан басталып тұр?<br>- Дауысты ма әлде дауыссыз ба? | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Буынды жалғастыр» дидактикалық ойыны: түл -..., қо -..., кө -..., қас -..., жол -..., арыс -..., Ал енді келесі тапсырма алдарындағы қағаздағы үзік сызықтарды қосып қандай аң бейнеленгенің тауып алыңдар. | |
| | **2. Сауат ашу негіздері**<br>**Сөздер мен сөйлемдер**<br>Міндеті: Сөйлем құрауға,сөйлем сызбасын сызуға сөйлемді мағынасына байланысты олықтыруға үйретуді жалғастыру.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Жалғастыр» ойыны. Өлеңнің екі жолын оқу. Балалар жалғастыру керек.<br>Отан сенің ата - анаң,<br>Отан - досың, бауырың<br>..............................<br>Тоңазып атырап,<br>Көп жеміс піседі.<br>....................................<br>Жиып – теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>....................................<br>....................................<br>Тасытқан соң күшімді,<br>Шынығуды бітіріп,<br>.................................. | **2. ҚОТ**<br>**«Мая арасы»**<br>Міндеті: Табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру,балалардың назарын қоршаған орта проблемаларына аудару.Жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру;олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту.<br>Біз – жас зерттеушіміз. Күндіз күн болады-түнде... Күндіз жарық болады-түнде... Қыста кар жауады-күзде...Көктемде ағаштар жапырақ ашады-күзде...<br>Табиғат – бізді қоршаған орта, туған елім, ауа, күн мен жер және су, орман мен жануарлар.<br>-Табиғаттың неше түрі бар?<br>-Табиғаттың екі түрі бар<br>-Ол тірі табиғат және | **2. Математика**<br>**«Ақтөстің сандар әлеміне саяхаты»**<br>Міндеті: Есептік және реттік санау дағдыларын бекіту,10-ның көлемінде сандар құру мен салыстыру әдістерін қайталау.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Сиқырлы қапшық»**<br>Заттарды белгілі бір қасиеті бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, пішіні,өлшемі бойынша әр түрлі ойышықтар. Балалар « Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп,пішінін анықтайды,ойыншықты алған соң атын атап,түсін айтады. | **2. ҚОТ**<br>**«Үй жануарлары»**<br>Міндеті: Табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру,балалардың назарын қоршаған орта проблемаларына аудару.<br>Біз – жас зерттеушіміз. Күндіз күн болады-түнде... Күндіз жарық болады-түнде... Қыста кар жауады-күзде...Көктемде ағаштар жапырақ ашады-күзде...<br>Табиғат – бізді қоршаған орта, туған елім, ауа, күн мен жер және су, орман мен жануарлар.<br>-Табиғаттың неше түрі бар?<br>-Табиғаттың екі түрі бар<br>-Ол тірі табиғат және өлі табиғат.<br>- Тірі табиғатқа нелер жатады?<br>-Тірі табиғатқа: ағаштар, шөптер, гүлдер, адамдар,аңдар,құстар, жәндіктер жатады.<br>- Не үшін оларды тірі табиғат дейміз?<br>- олар өседі, дем алады, көбейеді,денесінде жан | **2. Музыка**<br>**«Атамекен, ақ мекен»**<br>Міндеті: Музыка арқылы батырлыққа,ерлікке тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға әнді тыңдатып қайталап жататқызады.<br>1.Біз ұланы қазақ елінің<br>Туған жерін, сүйген Отанын.<br>Әке жолын, ана мейірімін,<br>Бойға жиған қасиетін.<br>Қайырмасы:<br>Жас ұлан, қалыспа!<br>Қырандай қарышта.<br>Еліміздің абройын<br>Асқақтатып әлемге<br>Нық ұстайық байрағын!<br>2.Көп білуге ұмтыламыз<br>Өнер, білім, ғылымға.<br>Кеудемізде ар мен намыс<br>Жетелейді бізді алға. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | өлі табиғат.<br>- Тірі табиғатқа нелер жатады?<br>-Тірі табиғатқа: ағаштар, шөптер, гүлдер, адамдар,аңдар,құстар, жәндіктер жатады.<br>- Не үшін оларды тірі табиғат дейміз?<br>- олар өседі, дем алады, көбейеді,денесінде жан бар.<br>- Өлі табиғатқа нелер жатады?<br>- Өлі табиғатқа: су,тас, құм,ауа, қар, жаңбыр, бұлт жатады, олар өспейді,дем алмайды денесінде жаны жоқ.<br>Бірақ осы тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен.<br>-Міне балалар, мынау су. Бұл қандай табиғат ? /өлі табиғат/<br>-Ал судың қандай пайдасы бар? /балалардың жауабы/<br>Су- балалар өлі табиғатқа жатады,ал біз адамдар суды ішеміз бізге пайдасы өте көп екен.Демек өлі табиғат пен тірі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен.<br>Мен сендерге бір жұмбақ жасырамын мұқият тыңдаңдар. | | бар.<br>- Өлі табиғатқа нелер жатады?<br>- Өлі табиғатқа: су,тас, құм,ауа, қар, жаңбыр, бұлт жатады, олар өспейді,дем алмайды денесінде жаны жоқ.<br>Бірақ осы тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен.<br>-Міне балалар, мынау су. Бұл қандай табиғат ? /өлі табиғат/<br>-Ал судың қандай пайдасы бар? /балалардың жауабы/<br>Су- балалар өлі табиғатқа жатады,ал біз адамдар суды ішеміз бізге пайдасы өте көп екен.Демек өлі табиғат пен тірі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен.<br>Мен сендерге бір жұмбақ жасырамын мұқият тыңдаңдар.<br>Бар ма, жоқпа, оны анық білмейсің<br>Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің? Ол не ? /ауа/<br>- Ауа не үшін керек?<br>- Ауаның түсі қандай?<br>- Қолмен ұстауға болама?<br>- Балалар айналаға қараңдаршы, біз ауаны көреміз ме?<br>1-тәжірбие: Әр баланың қолына айна беріледі.Балалар айнаға үрлеп, ауаның бар екеніне | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Бар ма, жоқпа, оны анық білмейсің<br>Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің? Ол не ? /ауа/<br>- Ауа не үшін керек?<br>- Ауаның түсі қандай?<br>- Қолмен ұстауға болама?<br>- Балалар айналаға қараңдаршы, біз ауаны көреміз ме?<br>1-тәжірбие: Әр баланың қолына айна беріледі.Балалар айнаға үрлеп, ауаның бар екеніне көз жеткіеді<br>2-тәжірбие: Балалар енді мұрнымызды қолымызбен жауып аузымызды ашпай көрейік.<br>- Көрдіңдер ме балалар ауасыз тыныс алу мүмкін емес екен. Табиғат аясындағы ағаштар, әсем гүлдер, тіпті бөлмеміздегі гүлдер де ауадағы шаңды жұтып, бізге таза ауа жіберіп отырады екен. Демек өсімдіктерге қамқор болуымыз керек екен. | | көз жеткіеді<br>2-тәжірбие: Балалар енді мұрнымызды қолымызбен жауып аузымызды ашпай көрейік.<br>- Көрдіңдер ме балалар ауасыз тыныс алу мүмкін емес екен. Табиғат аясындағы ағаштар, әсем гүлдер, тіпті бөлмеміздегі гүлдер де ауадағы шаңды жұтып, бізге таза ауа жіберіп отырады екен. Демек өсімдіктерге қамқор болуымыз керек екен. | |
| | **3. Математика**<br>**«Ақ үйрек пен сары үйрек.**<br>**Нені білеміз, нені жасаймыз»**<br>Міндеті: 10-ның көлемінде есептеу дағдыларын меңгере түсу | **3. Математика**<br>**«Күн тәртібі.**<br>**Нені білеміз, нені жасаймыз»**<br>Міндеті: Есептік және реттік санау дағдыларын бекіту, 10-ның көлемінде сандар құру мен | **3. Көркем әдебиет**<br>**«Ертегілер еліне саяхат»**<br>Міндеті: Әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру.<br>Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын айта білуге баулу.<br>Педагог ертегіні оқып беред і. | **3. Музыка**<br>**«Атамекен»**<br>Міндеті: Балаларға опера ,балет туралы мағлұмат беру. Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу.<br>Ел қорғауға әзірміз.<br>*Ән тыңдау: «Елім-ай»* | **3. Сурет /Құрастыру/ Мүсіндеу/Жапсыру**<br>Міндеті: Геометриялық элементтерден сюжеттік композиция құрастыру арқылы жапсыру,құрастыру суретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***«Жасырынбақ» ойыны.***<br>***Шарты:*** 1-ден 10-ға дейінгі сандар беріледі. Сол сандардың 2-уін жасырамын. Балалар жасырылған сандарды табу керек.<br>***«Поезд» құрастыру ойыны.***<br>***Шарты:*** Вагондарға сандар жазылады. Сол санның шешуін тауып вагонға тіркеу керек. Мысалы:<br>0+0,<br>1+2,<br>2+5,<br>3+7<br>-«3» санын (саусақпен көрсету)<br>-«7» санын (саусақпен көрсету)<br>-«10» санын (саусақпен көрсету) | салыстыру әдістерін қайталау.<br>**Дидактикалық ойын:«Сиқырлы қапшық»**Заттарды белгілі бір қасиеті бойынша салыстыруға,топтасты руға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, пішіні,өлшемі бойынша әр түрлі ойышықтар. Балалар « Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп,пішінін анықтайды,ойыншықты алған соң атын атап,түсін айтады. | Ақ көжек, орман іші тым қатерлі. Онда көптеген жыртқыш аңдар өмір сүреді. Оның үстіне сен онда өзің ұнатып жейтін сәбіз де өнбейді. Қиналасың ғой?..<br>- Алаңсыз бол. Мен жетерлік азық-түлік алдым. Ашықпаймын, - депті де, тәкәппар Ақ көжек еш елеместен сөмкесін асынып, өз жолына түсіпті. Сұр көжек амалсыздан, қимастықпен ол кеткен жолға қарап үнсіз қалыпты.<br>Ол орман ішінде ұзақ жол жүріпті. Қарыны ашса, арқасындағы сөмкесінен сәбіз алып жеп отырыпты. Сонда да оның алған азығы еш таусылмапты. Күндердің бірінде, ол бір Бөріге кездесіпті. ***Бір көріп, оның келіскен келбетіне, қауқарлы тұлғасына қарап ғашық болған Ақ көжек оған көңілін білдіріпті.***<br>- Болмайды, - депті Бөрі, - менімен бірге болу сен үшін қатерлі.<br>- Қорықпаймын. Жанымда тек сен болсаң болғаны, мен ештеңеден де қорықпаймын. Бөрі сүйіп тұрмаса да, мына сүйкімді көжектен айрылып қалғысы келмей мақұл болыпты. Ол Ақ көжекті басқа бөрілерден қорғап жүретін болыпты. Ақ көжек те өзін тым бақытты сезініпті. Оның сөмкесіндегі сәбіз де таусылмапты. Бірақ күндер өте келе басқа бөрілер «Біз | әнін (Н. Меңдіғалиев) жеке дауыстағы әншінің орындауында үнтаспадан тыңдайды.<br>Келесі тыңдайтындарыңыз - «Біржан мен Сара» операсынан үзінді.<br>Балалар, сендер қандай театрда болдыңдар?<br>- Әнші қандайән айтты?<br>- Даусы қандай? Жоғары диапазонда айтты ма, әлде төмен бе?<br>- Қандай биді көрдіңдер? Биді шапшаң биледі ме? Жоқ, жай ырғақта биледі ме? - Сендер өте жақсы тыңдадыңдар, жүріңдер, бәріміз бірге метроға мініп, үйге қайтайық.<br>*«Балдырғандар жырын»* айтады. | Жәндіктер туралы кім тақпақтар біледі?<br>:Балалар - ау, балалар!<br>Алаңқайға шығайық<br>Көктем тілін ұғайық<br>Құрт - құмырсқа, көбелек<br>Ұшып жүрген бөгелек<br>Инелік - ау, инелік<br>Қаша берме имeніп<br>Түспей - ақ қой торыма<br>Қоншы келіп қолыма<br>Анықтап бір қарайын<br>Суретіңді салайын.<br>Күн мен жаңбыр» ойыны<br>Шарты: балалар отырады, күн дегенде балалар орындарынан тұрып жүгіреді, ойнайды. Жаңбыр дегенде балалар тәрбиешілердің қолына ұстаған қолшатырдың астына тығылады<br>Жәндіктердің бейнесін құрастыру.<br>Балалар құрттың бейнесін құрастырып шығару. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қасқыр текті жыртқыш халықпыз. Біздің ортамызда бір әлжуаз қоянның болғаны жараспайды» деп ақыл салыпты. Сонымен өз ортасының салт-дәстүрін ұстанған бөрі Ақ көжектен айрылысыпты.<br>Қайырымсыз махаббаттан жүрегі жаралы болған көжек көз жасын көлдете отырып тағы да сапарға шығыпты. Махаббаты баянсыз болғанымен, ол азықтан еш қиналмапты. Өйткені, оның сөмкесіндегі сәбіз қашан да таусылмайды екен. Ол жолда тағы бір алып Аюға кездесіпті. Ақ көжекті бір көріп, ғашық болған Аю оған сезімін білдіріпті.<br>- Қандай сүйкімді едің?! Саған ғашықпын. Менің етегімнен ұста. Сенен айрылмауға ант етейін. Сені бақытты етемін, - депті.<br>***Біраз күннен соң әрі үміт, әрі қорқыныш ішінде Ақ көжек ақыры оған мақұлдығын білдіріпті.*** Сонымен олар бірге орман ішінде үй салыпты. Жүрегіндегі Бөріге деген махаббат та ұмытыла бастап, ғашықтық дерті жазылыпты. Ет коректі аюмен бірге тамақтана алмаса да, ол азықтан еш тарықпапты. Әйтеуір, белгісіз себеппен оның арқасына асқан сөмкесіндегі сәбіз таусылмайды екен...<br>Күндер өте келе Аю үнемі үйге қайтпайтынды | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шығарыпты. Бір күні Ақ көжек аюдың мойнынан әлдебір аңның әдемі түгін тауып алыпты да, күмәндана бастапты.<br>- Не деген күмәншіл, қызғаншақ едің! Мүмкін қатты соққан желдің әсерінен ұшып келген түк шығар, - деп зекіп тастапты Аю.<br>Үнемі ұрыс-керіспен өткен күндердің бірінде Ақ көжек сырттан әдемі гүлдерді теріп әкеліпті. Ол Түлкі бикештің үйінің маңынан өтіп бара жатып, терезеден Аюдың онымен бірге құшақтасып тұрғанын көріп қалыпты. Ақ көжек қатты қайғырыпты. Дереу үйге келіпті де, шарбағын асынып, мәңгі қайтып келместей болып шыға жөнеліпті. Жылай-жылай әлі құрыған Ақ көжек кеш бата бір ағаш саясында қалғып кетіпті. Әлде түсі, әлде өңі екені белгісіз, ол баяғы Сұр көжекті көріпті. Ұйқылы-ояу қалғып кеткен Ақ көжектің қасына келіп, сөмкесіне көптеген сәбіз салыпты да, кері бұрылып жүре бергенде, Аққөжек көзін ашып:<br>- Сұр көжек, бұл сен бе?! Не істеп жүрсің? – депті әлсіз үнмен.<br>- Мен... Мен, - депті, - өзін кінәлі сезінген Сұр көжек, - Сені ашығып қалмасын деп, үнемі соңыңнан қалмай жүрдім...<br>***Мұны естіген Ақ көжектің*** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ***көз жасы көл болыпты...***<br>Міне, ертегі аяқталды. Не түсіндің? Не ойладыңдар? Біз қашан да қасымызда жүрген, шексіз махаббатын арнаған адамдарды тым кеш байқаймыз. | | |
